

Г 2005

847н

Білісбек ӘБДІРАЗАҚ

АҚСАҚ
БОҒИ



Білісбек ӘБДІРАЗАҚ

АҚСАҚ БӨРІ

Өлеңдер



“Елорда”
Астана - 2004

ББК 84 Қаз 7-5

Ә 14

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІНІҢ
ТАПСЫРМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

Әбдіразақ Б.

Ә 14 Ақсақ бөрі. *Өлеңдер.* — Астана:
Елорда, 2004. — 168 б.

ISBN 9965-06-343-5

Ақын Білісбек Әбдіразақтың бұл жинағына туған жер
— атамекеннің қасиеті және елдік пен рух еркіндігі қатар
өрілген тегеурінді өлең-жырлары топтастырылған.


Ә 4702250202-281
450(05)04


ББК 84 Қаз 7-5

ISBN 9965-06-343-5

© Әбдіразақ Б., 2004

© “Елорда”, 2004



A decorative rectangular border with floral motifs at the corners and midpoints of each side. The corners feature roses and leaves, while the midpoints have smaller floral designs.

**ЕЛІМНІҢ ЕГІЗ
ЖЫРЫ**

* * *

Баласымын, ол рас, қойлы ауылдың,
Талай-талай тарпанды тойға міндім.
Қырандар ұя салған қара шыңда,
Ақ бұлты жатыр түнеп ойларымның.

Ақ таяқты арқалап қой да бақтым,
Тірі адамға жамандық ойламаппын.
Тау ұлының тұрмай ма белгісі боп,
Білісбек деп, өзі де қойған аттың.

Білемін асуым көп жолым бұраң,
Мені ерте үйреткен ғой өмір бұған.
Жақсырақ білмесем де басқа тілді,
Ана тілде басқаны жаңылдырам.

Жүргендігі болмаса бағы ашылмай,
Тау ұлының жарандар бәрі осындай.
Шіркін-ай, қандай еді пейілдері,
Баяғы байлы ауылдың сабасындай.

Шалбар кидім, сұрасаң тон да кидім,
Тауда жүрсем, адаспай жол танымын.
Қонағы емес сезінем қойшысындай,
Өмір деген осы бір қонған үйдің.

Жүргемін жоқ мен бүгін жасып оған,
Тұрғанда, әйтеу, шақшадай басым аман.
Айналайын, қойшының қара өлеңін,
Алты қырдың басынан асыра алам.

Ашылып таудың мөлдір тас бұлағы,
Туады тас бұлақтан тасқын әлі.
Өмірдің тау сияқты биіктігін,
Биікте өскен тау ұлы жақсы ұғады.

* * *

Күн нұрынан жаралған,
Айналайын көзіңнен.
Кейде аумайсың анаңнан,
Кейде аумайсың өзімнен.

Разымын мен сені,
Өмір бойы тербеуге.
Жүрегімнің бөлшегі,
Жатыр сенің кеуденде.

Дидарыңнан көрермін,
Сәби кезгі тұрқымды.
Сатып маған берер кім,
Балдан тәтті күлкіңді!

Жазылмаған жырымсың,
Шертілмеген күйімсің.
Қалай атым жығылсын,
Қалай белім бүгілсін.

Түссе де, енді, самайға ақ,
Бәріне әкең мақұл ғой.
Алтын күнім арайлап,
Шығып келе жатыр ғой!

Сырым бар ма жасырар,
Жүрмін сені бақ санап.
Көңіл-күйім ашылар,
Әтпішіңнен атсам-ақ.

Әке дейтін тіл шығып,
Күнге де бір жетермін.
Қуаныштан тұншығып,
Үзіліп те кетермін.

Жылап жүрген қорлықтан,
Коргім сені келмейді.
Әкең тірі сондықтан,
Әке дей бер өлмейді.

* * *

Тері сабада ашыған қымырандай,
Әттең, шіркін, таулардың түні қандай?!
Тәтті ұйқыда тамсанып жатасың ғой,
Таң атса, қайта өмірге туылардай.

Қалғып кеткен сияқты дүйім дала,
Жырға сыймас, бұл неткен ғұмырнама!
Елжіреген енесін елендетіп,
Жүгіреді жыраққа құлын бала.

Тамсанамын тау түнін ойласам-ақ,
Бала күнде оранып тонға шолақ,
Жақындап құрық бойы жерге жеткен,
Жатушы ек, жұлдыздарды қойша санап.

Жібердің-ау, деме сен тым асырып,
Тау түніне тау ұлы жүр асығып.
Төпеп келіп анамның ашуынша,
Төпеп-төпеп кететін күн ашылып.

Бетегенің, жусанның балғын демін,
Иіскеп жатып, пай-пай, қалғыр ма едім!
Тау түнінде адасып қалушы еді,
Таудай батқан арқама қайғым менің.

* * *

Асау жырлар ақ қағазға сыяр ма,
Таусылып-ақ, қалар онда сияң да.
Бура бұлттан кетер едім ары асып,
Шабытымды шалма қылып қиялға.

Тоқсан сөздің тобықтай бір түйінін,
Табамын деп талды-ау менің иінім.
Арман деген астыңдағы төбе емес,
Арман деген шыға алмаған биігің.

Домбырадай құлақ күйі келмеген,
Жыр жаза алмай, қиналғанда кейде мен,
Сол жырларды ғашығыма ұқсатам,
Жалынсам да қолын маған бермеген.

Баспаған бір жігіт едім жолы оңға,
Жақсы жырлар жаза алмауым содан ба?!
Ақын жаны не көрмеді дейсіңдер,
Көнеді ғой, көнеді ғой оған да!..

* * *

Шашасына шаң ілеспес жорғадай,
Қалқып көкте, бара жатыр толған ай.
Қаранғыда қарауытар қара тау,
Намаз оқып отырған бір молдадай.

Ағытылған қозы бұлттар көгеннен,
Тыраң қағып өтіп жатыр төбемнен.
Жымындаған жұлдыздардың жүзінен,
Жаныма бір, жылылықты көрем мен.

Жадыратып тастағаны-ай желіңнің,
Бәрі де өлең менің туған жерімнің.
Ақбұлақ мәз, атын мінген баладай,
Ұзатылып келе жатқан келіннің.

Туған жерде тал бесікке бөленген,
Бала сынды бал-бал түстер көрем мен.
Парызым көп, қарызым аз төленген,
Қайтіп жүріп, қайтарамын өлеңмен...

* * *

Бес інім бар, бір бесікте аунаған,
Бес інім бар, бес саусақтан аумаған.
Бес інім бар, жанған өрттей лаулаған,
Бес жырым бар, бесеуіне арнаған.

Бес інімді бес бақыттан кем деме,
Бес бақытым сыйып жатыр кеудеме.
Бес інімнің арқасы ғой дер едім,
Алшаң басып, жүрсің десең сен неге?

Жау жоқ деме, жар астында безерген,
Мықтылығын олардың да сезем мен.
Бірақ, мені жеңеді деп ойлама,
Бес інім бар, бесатардай кезелген.

Қайтер екен, өстіп жүріп осы аған,
Сендер үшін, керегі сол, болса аман.
Анда-мұнда қарап қойып артыма,
Айылымды тартып қоям босаған.

* * *

Бала күнде кеуде кердім, төс ұрдым,
Алшаң қағып, ата алдында көсілдім.
Өзің білген алуменен қосуды,
Құйып менің, құлағыма өсірдің.

Бала күнгі қандай қызық тіл деген,
Аят-құран оқуды да білген ем.
Жайнамазды жайғаныңда таласып,
Азандатып жөнелуші ем бірге мен.

Бала біткен болатұғын бүргедей,
Құтылатын үлкендерің үндемей.
Қалушы еді, түйедей-ақ пәлеге,
Ерсілігі өте қалса түймедей.

Шынар жігіт болып өстім, міне мен,
(Ақын болып, айға азуын білеген).
Тірі болсаң сендей емес өмірдің,
Еркелікті көтермесін білер ен.

Қан жыладым, кейде содан торықтым,
Бұдан ата дей көрме сен қорықтың.
Есейгенде бала күнгі еркелік,
Ерлігің боп, кетеді екен, соны ұқтым.

Сен кеткелі арамыздан алыстап,
Мен өмірді біліп келем қарыстап.
Әділетің қылдан тайса болғаны,
Тентектігім кетеді, әйтеу, тағы ұстап.

* * *

Жырларымды жүрегіңмен тыңдасаң,
Туған жердің бұлағымен сырласам.
Ыластайдың тұрып кетер таулары,
Мен, Құлжадан, қалпағымды бұлғасам.

Сағыныштың оты қиын сеземмен,
Күй тыңдаймын кісінеген өзеннен.
Аспанға алып, ұшып кете жаздайды,
Алтын күрек көріп қалса кезеңнен.

Аяулымның бәрі сонда аңсаған,
Сарқып айтып қалай бәрін тауыса алам.
Қара тасқа бере салып қайғымды,
Шабыт алып, ораламын аршадан.

Нар қарағай, нар шетендер, нар қайың,
Қайыстырып жатыр таудың баурайын.
Терген гүлім құшағыма сыймайды,
Қара терге малшынады маңдайым.

Туған жерде, патша емес, малаймын,
Туған жердің топырағын жалаймын.
Шалғынына жата кетіп шалқадан,
Жырын оқып жөнелемін Абайдың.

БЕКБОЛАТ ТІЛЕУХАНОВҚА

Жамылып түннің шекпенін,
Жабығып өмір шеккенім.
Қоңыраулап келіп өмірге,
Күңіреніп өтем деп пе едім.

Қолына түсіп саңыраудың,
Қоржынында сандалдым.
Есінде ме елім-ай,
Қызыл қайың сауған күн?

Батырыңа дес бердім,
Пақырыңа ес бердім.
Шіренген жаудың шыңғыртып,
Шұбар тілін кескенмін.

Қазақ деген ұлттың,
Қасиетін қалай ұмыттың?
Алтын кілтім аспанда,
Енді ашылмас құлыппын.

Қорадағы малынан,
Қойнындағы жарынан,
Артық көрген Атаңның,
Түспеуші едім қолынан.

Қайғысы болса, ем едім,
Жауын бір жайпар жебе едім.
Опырып салдың отыңа,
Қоңыраулы қобыз мен едім.

Опырып отқа бөлгенің,
Өз қолыңнан өлгенім.
Бабаннан қалған көз едім,
Бабанша неге көмбедің?!

* * *

Сәлемдесіп жатқан шақта үйге енбей,
Қойдың елге дегендей-ақ бір келмей.
Жаңбырлатып, бұлттар жетті еңтігіп,
Ботасына бошалаған інгендей.

Туған елмен отырғанда жолығып,
Жауған күнді жақсылыққа жорыдық.
Алай-дүлей ақ жаңбырдың ішінде,
Жонын төсеп, таулар жатыр шомылып!

Алтын нұрға шағылысқан айнадай,
Жарқыл қағып, жүгіреді найзағай.
Жасыратын адамдардың сұғынан,
Сұлулығың көп қой әлі, таулар-ай!

Жолаушыдай түстігін жеп хош айтқан,
Аттанып бұлт, күн де шықты тосаттан.
Қосақкемпір дегенше оны сәуледен,
Шымылдырық дей бер дала жасатқан.

Көкейімде түр кептеліп қаншама ән,
Пай-пай, шіркін, таңдай қағам, тамсанам!
Таулар жатыр гүл құшақтап балбырап,
Жаңа шыққан сұлулардай моншадан!

* * *

Кім сағынбас, дейсің, бауыр-ағаны,
Кім сағынбас, дейсің, ауыл, даланы.
Сағыныштан жүрген кезде сарғайып,
Ақша бұлттар асықтырып барады.

Шалкөденің асау өзен, бұлағы,
Жартастан да жасқанбай-ақ ұрады.
Соны көрген ақын емес адам да,
Жырлап-жырлап алғысы кеп тұрады.

Адам түгіл, қарап тұрсаң аспанда ай,
Кеуде керіп, алшаң-алшаң басқандай.
Біреу көктің бар жұлдызын уыстап,
Біздің жердің төбесіне шашқандай.

Тасын екеш тастарын да Ыластайдың,
Мамық көріп, басыма әкеп жастаймын.
Шалғын бетте жатқан қойды шағылдай,
Мұдық мүйіз біздің серке бастайтын.

Маң-маң басқан қозылардың марқасын,
Қошқар қойып қойлы ауылдан қайтасың.
Сағызыңды шайнай берші, шайнасаң,
Мен апамның сорып өтем малтасын.

Туған жердің құшағына бөленбей,
Өстім деген ездер қалсын көгермей.
Тәңіртауы жатыр әне бұлдырап,
Көкжиекке құрып қойған көгендей.

Туған жерге тарту етер ән дайын,
Туған жерсіз ашылар ма маңдайым.
Туған жердің бар болса егер дұшпаны,
Туған жердің топырағымен қарғайым!

* * *

Жұбата алмай жүрегімді тулаған,
Құдай атқыр құр ашуға уланам.
Аңыратып-аңыратып алатын,
Неге, өмірге күйші болып тұмағам?!

Бақытын да жазбапты ғой әншінің,
Өлтірсең де, айтар осы бар шыным.
Ақын болып, жыр жаза да алмадым,
Он екі тіс өріміндей қамшының.

Тіпті, мені жаратпапты-ау биші ғып,
Құр күйбеңмен барады өтіп тіршілік.
Өнер десе, өзімді де ұмытам,
Ботажанды боз інгендей исініп.

Өнер-өнер, өнер-өнер, ұлы өнер,
Ұлы өнерге керек болса, құл егер.
Сол өнердің құлақ кесті құлы деп,
Мына отырған, бір қазақты біле бер!

* * *

Санамаппын тағдыр қанша алдап ең,
Алдасаң да алда күннен бар дәмем.
Қара тілден қанжар соғып жатырмын,
Жұдырықтай жүрек деген балғамен.

Мені сынап жүргендей-ақ бар адам,
Жарылып-ақ кете жаздап табадан.
Өзімнен бе, көзімнен бе жыр-жебем,
Қаңғып кетіп жатыр, әйтеу, қарадан.

Керек десең, оқ жонамын өлеңмен,
Терім менің, жоқ қой әлі төленген.
Бесатарды бастым міне, түк те жоқ,
Арман құсым барады ұшып төбемнен.

Ұста болсам болармын-ау олақ-ақ,
Өзіме де, өзгеге де обал-ақ.
Шимай-шимай жездей болып қағаздар,
Үстелімнен түсіп жатыр домалап.

* * *

Бір ауыл бар, осы жолды өрлесең,
Жаныңа оны еш жатырқай көрме сен.
Сол ауылдан жаяу шығып кеткен ем,
Жорға мініп барамын ғой өлмесем.

Туған ауыл әркімге де сүйікті-ақ,
Тірі жүріп, оны қалай ұмытпақ.
Ыластайға нөсер құйды дей берем,
Құлжада күн қалса болды бұлттап.

Туған жерде бір құдірет бар білем,
Түсіме де кіре кетті қалғып ем.
Інген бұлттар уыз сүтін ийтсе,
Ақша қар да жауады кеп алдымен.

Деменіздер, деменіздер бұл қалай,
Құдай атқыр тілдің жетпей тұрғаны-ай!
Сол ауылдан туып келе жатады,
Құлжамыздан қарап тұрсаң, күн мен ай.

Көңіл сезіп тұрады екен, іш біліп,
Жадырап-ақ, шыға келем түшкіріп.
Қоңыр самал боп жетеді Құлжаға,
Ыластайдың соққан желі ышқынып.

* * *

Қарап тұрсаң дүние,
Оланай да, бұланай.
Төле бидей биіме,
Зар қылдың ғой құдай-ай!

Намысы бір, ары бір,
Ел едік қой. Масқара!
Мәпелеген жалғыз ұл,
Сатты әкесін ақшаға.

Мынау шарық бетпенен,
Қалай елді мақтайсың.
Қызы қашып кетпеген,
Бір ауылды таппайсың.

Бұзып жол мен жосықты,
Қойға күшік телінген.
Соғыстырып тостты,
Атасы отыр келінмен.

Байлық емес жаныңды,
Байқамасаң, ұры алар.
Жылы сөзбен жаныңды,
Сорып жатыр құдалар.

Ұстайым деп біреуді,
Ұшып жүрме сойылға.
Байлап жүрген биенді,
Біреу жейді соғымға.

Кетерсің-ау жынды боп,
Ойлай берсең, сен мұны.
Қанден күшік құрлы жоқ,
Хан базарда ер құны.

Сөз деме, бұл ала өкпе,
Барлығына мен кепіл.
Түйемін деп дәметпе,
Тышқан мырза төрде отыр.

Құйға кеткен жол мына,
Дей алмаймын оңалар.
Бар бақытты қойнына,
Басып қалған молалар.

* * *

Қалтаңда ақша, болмаса егер, бұл күнде,
Көңілдірек естілмейді күлкің де.
Теріс қарап тыраяды қосағың,
Қырсық атқыр, қысылғанда үй-түрме.

Кедей болып көріңізші сенбесең,
Ел түгілі, бөлең безер бермесең.
Аязында тоңбайды екен ақпанның,
Ақшалы адам жүргенімен жейдешең.

Пұлы бардың, тоқ тамақсыз қарны да,
Қырық қабат көрпе тастай жарлыға.
Шытырлатып сап-сары алтын жүзіктер,
Саусақтарды сыйғызбай жүр алдыға.

Әнші де сол, күйші де сол, шешен де,
Биік білім бар бойымда десең де.
Қарағанда қалады екен шайқалып,
Қолыңдағы шай құйылған кесең де.

Қатарынан қарасаңыз еңселі,
Сол ақшадан бізге де аздап берсе еді.
Жылама ұлым, бұл ойыншық қымбат қой,
Ат боп үйде, ойнатайын мен сені.

* * *

Мен ауылға, қашан барсам той-думан,
Қуанышым төгіледі-ау қойнымнан.
Қара таудай қарттар тұрып орнынан,
Бала біткен асылады мойнымнан.

Келін біткен сап түзеген ибалы,
Қу жеңгелер қалжыңымен қинады.
Ақтарылып әжелердің жиғаны,
Ағалар жүр, бірдемесін құйғалы.

Киіз үйдің түріп тастап іргесін,
Сыйып жатыр біздің үйге кім кесін.
Осы бүгін өткізіп-ақ жатқандай,
Барлық ауыл Білісбектің жыр кешін.

Сырласамын ақсақалмен, кішімен,
Барлығын да білемін ғой түсінем.
Қайтсін енді, қазан асып анам жүр,
Жасын сүртіп жаулығының ұшымен.

Пейілі елдің, неткен шіркін, кең еді,
Осы емес пе ақынға да керегі.
Оқи-оқи, таусылғанда жырларым,
Жүрегімді жұлып бергім келеді!

* * *

Жалғыз ғана күнім бар,
Жалғыз ғана айым бар.
Жалғыз ғана ұлым бар,
Жалғыз жүрген жайым бар.

Жалғыздықтың өзінде,
Жатқандай бір ұлылық.
Жалғыз күннің көзінде,
Жүрміз, міне, жылынып.

Жалғыз ағаш жапанда,
Жалбарына барыңыз.
Жалғыз ғана отанға,
Пида жалғыз жанымыз.

Жалғыз ана тілім бар,
Ертеңін білмен бүгін бар.
Жалғыз құдай — пірім бар,
Одан басқа кімім бар?

Өзі жалғыз ғаламның,
Ойлана шын білгенге.
Бәрі жалғыз адамның,
Қара жерге кіргенде!

* * *

Жаным налып, жүрмін жүдеп,
Сары уайымнан мидағы.
Кеудеме бұл сыйған жүрек,
Кең дүниеге сыймады.

Тірлік майдан салады егес,
Артымда өлім, алдымда ар.
Махамбеттің заманы емес,
Атой салып алғым бар.

Керегі жоқ бәсіреңнің,
Не қыламын өкпе ғып.
Талант мұжып басын ердің,
Есалаңдар кетті өріп.

Жақсы жырдың сағы сынып,
Тілім түсті-ау кісенге.
Қара жерден мәді шығып,
Көктен Иса түсер ме!..

Түссе, сол бір басқа тірлік,
Жұмыр жерде тербелер.
Мүңкір-нәңкір жаққа шығып,
Кетер ме екен пенделер.

* * *

Сен неткен, сүйкімді едің, сүйкімді едің,
Кептеліп, кеудемде бұл күй, тұр менің.
Қыбыр етсең, қиылып түсетіндей,
Тұрғаны-ай, төсінде анау бір түйменің!

Сұлулықтан жоқ екен бақталасың,
Қызыр дарып, не дейін бақ қарасын.
Қолға түскен киіктің лағындай,
Ұяласың, үркесің, жасқанасың.

Қашан көрсең, баяғы бір қалыпты,
Соны көрген бар ақын жырға күпті.
Аямай-ақ тәңірім берген екен,
Қазақтың қызына тән ибалықты.

Мейірімі, мінезі деме қандай,
Мен отырмын, жеткізіп бере де алмай.
Жебедейін жанары жалт қараса,
Сипақ қағып қаларсың дем ала алмай.

Естайларға боп кеткен байтақ арман,
Қорлан бүгін сияқты-ау қайта оралған.
Төлегенге жолықсаң арманым жоқ,
Бекежандар көп әлі, байқа, қарғам!

* * *

Ойхой, дала дауыл үйір, соқ боран,
Жолаушыдай жалғыз атын жоқтаған.
Мен қолыма қайыс шылбыр нокта алам,
Тұлпар атым қай жерде жүр оттаған,
Тоқым салып, тақым қыспай тоқтаман.

Ақын десең, ақынмын ғой даламмен,
Дала болып далиып та барам мен.
Шыға келер едім дүр-дүр сілкініп,
Кең даламда керіліп бір алар ма ем.

Даладағы рахатын ұйқының,
Бір мен үшін өліммен тең ұмытуым.
Тау басынан түн етегі түріліп,
Тау басынан көтереді күн туын.

Тұрсадағы артымда өлім, алдымда ар,
Мен далада айқай салып алғым бар.
Төбелерден десем егер, қайғым бар,
Атып тұрып, кететіндей Тарғындар.

Бозторғайдай, әнін естіп жыршыңның,
Мен де өзімше, ән салуға құлшындым.
Соқпақ-соқпақ сол даламның жолдары,
Жотасына шығарар ма бір шыңның?!

Айқай дала, сен жайлы көп түс көрем,
Түсімде ылғи, Тайбурылдан түспеп ем.
Қолдамасаң, күдіретті күшпенен,
Жоқ қой менің ештемең...

* * *

Жерік боп, желіне әлде, жүр шығармын,
Ел десем, елегізіп құлшынамын.
Құс боп ұшып кетер ем қанатым жоқ,
Тосып мынау, тұрмай-ақ, күн шығарын.

Ақша бұлтпен келеді ере көшкім,
Желдісайдың жыл құсы мен емеспін.
Айында емес барсам бір аптасына,
Жоқ маған неге келдің деген ешкім.

Тұрған жан жоқ, құшағын аяп менен,
Мен соншалық, құдайы қонақ екем.
Мәңгі ұйықтап кетуге мақұл едім,
Қу тіршілік несіне оятты екен.

Мен қадірін білмегем кеше неге,
Жазыпты ғой жат елді пешенеге.
Ұят елден демесем еркелер ем,
Емшек сұрап емініп шешеме де.

Тағы келем далаңдап екі етегім,
Тәңір маған бір рақым ете көргін.
Ұят, егер, демесем келінімнен,
Тете ініммен тебісіп кетер едім.